

Әр шаңырақ шаттығының берекесі,
Жылу мен жарықтың қайнар көзі,
Адамзат игілігіне қызмет еткен,
Табиғат қорын игеруші алыптың нағыз өзі.

«АлЭС» АҚ ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУДЫҢ МЕКЕНІ

Адамзат тіршілігіне аса қажетті алғашқы қажеттіліктердің қатарында су, жылу, жарық, және т.б. тұратындығын ескерсек, оларды өндіретін «Алматы электр станциялары» Акционерлік қоғамының атқаратын ролі өте зор. Ол Алматы қаласы және Алматы облысы тұрғындарын, өнеркәсіп орындарын және ауылшаруашылық кәсіпорындарын жылу және электр энергиясымен қамтамасыз ететін ірі ұйым. Бүгінгі күні оның өндіретін жылу және жарық көлемі қала және облыс қажеттіліктерінің 70 пайызын өтейді. «АлЭС» АҚ 2006 жылдың маусым айынан бастап қызмет етеді, оның құрамында 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Қапшағай су электр станциясы, Каскад су электр станциясы, Батыс жылу кешені, Отын қабылдау және түсіру орталығы, «Энергожөндеу» Өндірістік жөндеу кәсіпорны жұмыс атқарады. Жылу мен жарықты өндіру үшін қаншама адамның еңбегі, күші жұмсалып, тері төгіліп, автоматтандырылған құрылғы мен агрегаттар жұмылдырылады десеңізші. Осының барлығы «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінде іске асырылады. Онда энергетикалық қазандықтар, энергетикалық қазан агрегаттары, бу генераторлары, гидроагрегаттар, су жылыту қазандықтары, отын қабылдау және түсіру учаскелері, жылу мен энергия көздерінің негізгі және қосалқы жабдықтарына жөндеу және қызмет көрсету цехтары бар. Осы учаскелерде қызмет ететін мамандар жылу мен жарықтың үздіксіз берілуі үшін бар қажыр–қайратын салады.

Арнайы біліктілік сынағынан өткеннен кейін жұмысқа қабылдандым. Жұмыстағы алғашқы күнім. Өте қуанышты күн! Бұрын–соңды естіп жүрген үлкен беделді ұйымда жұмыс істеймін! Қобалжуымның да жөні бар.

Жұмысқа қабылдауға қажетті барлық құжаттарды Адам ресурстары басқармасының Кадр бөлімінде рәсімдеп, тапсырдым. Ағымдағы жұмыстарының көптігіне қарамастан, бөлім мамандары құжаттарды шапшаң реттеп, тиянақтылықпен жинақтап жатты. Жұмысты жүргізуге қажетті барлық құрал – жабдықтарды Әкімшілік – шаруашылық бөлімінен тез – ақ алдым. Жұмыс орнын ұйымдастыру, жедел хат–хабар алмасуды қамтамасыз ететін Ақпараттық технологиялар басқармасының Жүйелік сүйемелдеу бөлімінің мамандары қажетті шараларды кезек күттірмей-ақ орындап, жұмыс істеуіме бар жағдай жасап берді. Қоғамда жаңа қызметкердің жұмысын

бірден бастап кетуіне толық жағдай жасалған, жұмысты жүргізіп кетуге қатысы бар барлық бөлімдерге барынша риза болдым.

Өзім орналасқан Құжаттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы жайдары қарсы алып, жұмыс орнын көрсетіп, әріптестермен, жұмыста басшылыққа алатын барлық ішкі құжаттармен таныстырып шықты, жұмысымды ілгері жүргізуге қолайлы жағдайды ұйымдастырды. Осыдан кейін Қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша арнайы нұсқаулықтан өтетін болып, Сенімділікті бақылау және еңбекті қорғау басқармасына келдім. Мені осы басқарманың бас маманы қарсы алып, танысып, білуіме қажет нұсқау - ақпаратты рет - ретімен баяндай бастады. «АлЭС» АҚ тарихынан басталған әңгіме оның құрылымдары, олардың қызметтері, жұмыстарының ерекшеліктеріне байланысты жалпы шолумен жалғасты. Ол кісінің ұйым, ұжым, жұмыс туралы үлкен байыптылықпен айтқан әңгімесінен ұйым жұмысының қыры мен сырын, ауыртпалығы мен тартымдылығын аңғарып, мүлтіксіз тыңдадым. Мамандығыңа, жұмыс істейтін ұйымыңа деген шынайы құрмет, адалдық менің жұмысқа деген үлкен ықыласымды оятты. Әрине, осындай ұйымның құрамдас бөлігі болып жұмыс атқаратындығыма мен де шын көңіліммен қуандым.

Жылу және жарық өндіру нысандарындағы қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, алғашқы көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі ережелері ұйымдағы өзекті мәселелердің бірі екен. Бұрын – соңды өндіріс, әсіресе энергетика саласының жұмысын білмеген адамға бәрі таңсық әрі қызықты. Қаланың жарық және жылумен қамсыздандырылуы қандай маңызды! Қарапайым тұрғындардың үйіне, емханаларға, мектеп, оқу орындарына және т.б. берілетін жанға жайлы жарық пен жылудың алғашында табиғат қоры болып, кейіннен дайын өнім ретінде тұтынушыларға жеткізілуі үшін қаншама қыруар шаруа атқарылады десеңізші. Қалыпты тұтынушы ретінде жарық болмай қалатын сирек жағдайда ашуға орын беретінмін. Енді оның мән – мағынасы, онда жүздеген адамның еңбегі жататындығы маған кеңінен түсінікті.

Ұйым туралы білген сайын, жұмыс істеуге деген құлшынысым арта түсті. Жаңа қызметкер ретінде тағы бір аңғарғаным – ұйым тіршілігінің ұйытқысы болатын тұлғалардың, мамандардың болуы. Ұйымда өз жұмысының қыр-сырын тамаша білетін, білікті, білімді тәжірибесі мол аға буын мен танымпаз, ізденгіш, «отты» жастар қатары жұмыс істейді. Тәжірибелі мамандар мен белсенді жастардың өзара сыйластыққа құрылған, үйлесімді, бірлескен жұмысының нәтижесінде энергетика саласында, қоғамның жұмысында көптеген шаралар мен күрделі жұмыстар кезегімен сапалы атқарылып, жалғасын тауып жатыр. Жастар кішіпейіл, жайдары, және де білімдарлығына көңілің толады. Энергетика саласының қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан, еңбек сіңірген ардагерлер де ұйымда үлкен құрметке ие. «Ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген мақалға сәйкес, қоғамда, ұйымда ұрпақтар жалғасы сақталатыны, мамандық, кәсіп жалғастығына ұжым ортасында үлкен мән берілетіні мені тағы бір қуантты. Мұнда ата-аналары бастаған даңғыл жолды жалғастырып жүрген, мақтан

етуге тұратын ұрпақтар баршылық екен. Энергетика саласында қажырлы еңбек атқарып, әулетінің абыройын асқақтатып жүрген жастар, орта буын өкілдері жетерлік.

Сонымен қатар, жұмыс барысында қызметкерлерді даярлау орталығы құжаттарымен де айналыстым. Орталық жұмысына мамандардың білімі мен біліктілігін арттыру үшін Қоғамның өз мамандарымен қатар, алыс шетел мамандары тартылған. Яғни Қоғам өз мамандарының білімі мен біліктілігі деңгейін тұрақты арттыруға мүдделі. Сол себепті энергетика саласындағы заманауи білімдер, жаңашыл тәсілдер уақытылы түрде қызметкерлерді даярлау орталығында оқытылып отырады. Қоғам, сонымен бірге өз қаражаты есебінен талапты жастарын жоғары оқу орындарында оқытуға, сапалы білім игерген, білікті әрі білімді маман ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, аз уақыт ішінде жаңа қызметкер ретінде өз ұйымым туралы аңғарғаным, байқап, ойға түйгенім осы. Әр маман өз орнында, өз жұмысын жақсы біледі, сапалы орындауға мүдделі.

Жұмысымды жалғастырған сайын «АлЭС» АҚ ұжымы жомарт жүректерінің жылуы мен білімпаздығы, ізденісі нәтижесінде жан-жағына жарық пен сәуле шашып жүретін қызметкерлерден тұратынына көз жеткіздім.